

## **Маңғыстау туризм колледжі**

### **Педагогикалық кеңес 2022-2023 оқу жылы**

#### **Хаттама № 1**

**Ақтау қаласы.**

**27 тамыз 2022 жыл**

**Қатысқандар саны: 57**

**Қатыспағандар саны: 2**

#### **Күн тәртібінде:**

1. Қабылдау комиссиясы жұмысын талдау. Жаумытбаева О.С..
2. 2021-2022 оқу жылының педагогикалық ұжымның қызметін талдау және 2022-2023 оқу жылының колледж міндеттемелері, жұмыс жоспарын бекіту. Утебаев М.Н.
3. «Аударма ісі», «Туризм», «Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Қонақ үй бизнесі», «Маркетинг» мамандықтар бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын талқылау және бекітуге ұсыну. Бисенова А.Х.
4. «Туризм», «Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Қонақ үй бизнесі», «Маркетинг», «Аударма ісі» мамандықтар бойынша кредиттік-модульдік тәсілдеме және академиялық дербестік негізінде әзірленген бағдарламалардың ерекшелігі. Бекбаева А.Ж.
5. Колледждің мемлекеттік өзін-өзі аттестаттауға колледж әкімшілігі тарапынан комиссия құрамын бекіту. Утебаев М.Н.

#### **Қаралды:**

**Бірінші мәселе бойынша:** Қабылдау комиссиясының хатшысы Жаумытбаева О.С. қабылдау комиссиясының жұмысын талдау және де колледждің кәсіби бағдар беру жұмысы концепциясын қарастыру туралы есеп берді. 2022-2023 оқу жылына 9 сынып негізінде 1 курсқа жергілікті бюджет негізінде күндізгі бөлімге 350 студент қабылданды. Қабылдау комиссиясының ережесі 30.04.2022 ж №122 бұйрық негізінде жұмыс атқарылды. Оқуға қабылдау комиссиясы туралы 23.05.2022ж №58нқ бұйрығында қабылдау комиссиясының құрамы 7 адамнан және комиссияның төрағасы болып колледж басшысы Утебаев М.Н. және хатшысы колледж психологы Жаумытбаева О.С. мүшелікке ие болғаны туралы сипаттады.

«Ашық есіктер күні» 2021 жылдың 12 сәуірден бастап 21 сәуірге дейін кесте бойынша ұйымдастырылды. Онда 320 мектеп оқушылары келіп колледжбен танысты. Facebook, Instagram желісінде мамандықтар туралы бейнероликтер жарияланды. Оларға жоғары курс студенттері саяхат жасап, колледж мамандықтары туралы сипаттама берді. Жарнамалық парақтар таратылды. Іс – шараға колледж оқытушыларымен студенттері белсенділікпен қатысты. Колледж директорымен кездесу ұйымдастырылды. Оқушыларға презентациялар жасалып АКТ залында көрсетілді. Оқушылар колледж туралы толық ақпарат алды. Мамандықтарға деген қызығушылықтары оянды.

Колледждің ішінен өндірістік оқыту шеберлерімен мектеп түлектеріне тағам дайындаудың шебер сыныбын көрсетті. Шебер сыныпқа қатысқан түлектер таңдаған мамандығына қарай икемі мен қабілеттің бар-жоғын анықтап, бір қадам болса да мамандықтың қыр-сырын көріп, өз қолымен жасап көрді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 16 шілдедегі №303 бұйрығына және 2020 жылғы 13 шілдедегі №297 бұйрығына

сәйкес оқуға түсу емтихандары жүргізілмеді. Ағымдағы жылдың 20 маусымынан бастап білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейіндік пәндер бойынша бағалардың және шығармашылық конкурстың нәтижелері бойынша бағалардың жиынтық балын есептеу арқылы оқуға қабылданды Барлығы 356 құжат жергілікті бюджеттен қаржыландыру есебінен білім алатын талапкердің құжаттары қабылданды. Қабылданған құжаттардың ЕГОВ порталы негізінде 356 талапкердің құжаттары онлайн жүйесі арқылы қабылданды.

Жергілікті бюджеттен қаржыландыру есебінен білім алатын 325 талапкердің бейінделу пәндері бойынша байқаудан өтіп, құжаттары қабылданды, «Аударма ісі» мамандығы, «Аудармашы» біліктілігі бойынша 50 талапкер, «Қонақ үй шаруашылығында қызмет көрсетуді ұйымдастыру» мамандығы «Супервайзер. Ауысым басшысы» біліктілігі бойынша 50 талапкер, «Туризм» мамандығы «Туризм менеджері» біліктілігі бойынша 25 талапкер, «Маркетинг» мамандығы «Маркетолог» біліктілігі бойынша 50 талапкер, «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы «Технолог-менеджер» біліктілігі бойынша 50 талапкер, «Аспаз» біліктілігі бойынша 75 талапкер, «Кондитер» біліктілігі бойынша 25 талапкер байқаудан өтті. Құжаттарды қабылдаумен қабылдау комиссиясының жұмысы барысында облыстық білім беру басқармасы тарапынан бақылау жүргізілді. Жалпы қабылдау комиссиясының жұмысын толық қанағаттанарлық деп атап өтті.

**Екінші мәселе бойынша:** колледж директоры Утебаев М.Н. сөйледі. Ол осы колледжге жаңадан басшы болып тағайындалғасын, алдымен педогогикалық ұжыммен танысып, жана пед.құрамды да таныстырып өтті. 2021-2022 оқу жылындағы барлық бөлімшелер бойынша жылдық жоспарларын тексеріп өзгертулермен толықтырулар енгізіп бекітуге болатындығын жеткізді. Оқу, әдістемелік, тәрбиелік, кітапхана жұмыстарының жылдық жоспарымен қысқаша таныстырып, бекітуге болатынын атап өтті. Әр бөлімше құрылған жылдық жоспар негізінде өз жұмыстарын атқарып, уақытылы есептерін таныстыруды тапсырды.

**Үшінші мәселе бойынша:** Колледждің оқу ісі –жөніндегі директордың орынбасары Бисенова А.Х. сөз алды. Ол 2022-2023 оқу жылы «Аударма ісі», «Туризм», «Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Қонақ үй шаруашылығында қызмет көрсету», «Маркетинг» мамандықтары бойынша «модульдік» оқу жұмыс бағдарламалары №553 бұйрық 31.10.2017 жылғы Типтік оқу бағдарламасы, «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 31.10.2018 ж. №604 бұйрық, үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы 15.09.2021 ж. №469 бұйрық, ТЖКББҰ білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы 03.08.2022 ж. №348 бұйрығына сәйкес «кредиттік-модульдік» оқу жұмыс бағдарламалары, «Кәсіпқор» холдингісінің нұсқаулығына сүйене отырып 7 біліктілік яғни «Гид-аудармашы», «Менеджер», «Технолог-менеджер», «Аспаз», «Кондитер», «Супервайзер», «Маркетолог» құзыреттілігіне мамандар даярлау жасақталуды. Әрбір модульдің соңында емтихан алынуға арнайы пән оқытушылары кешенді емтихан тапсырмалары дайындауға міндеттеледі.

**Төртінші мәселе бойынша:** Колледждің ғылыми-әдістемелік іс –жөніндегі директордың орынбасары Бекбаева А.Ж. сөз алды. Ол 2022-2023 оқу жылына ТЖКББ мамандар біліктіліктері бойынша өзектендірілген үлгілік оқу жоспарларымен бағдарламалар негізіне сынамалық алаң құрылуы туралы анықтама берді. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және

олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы негізінде «ТЖБ» ұйымдарының мамандықтарына «Кәсіпқор» холдингі коммерциялық емес АҚ әзірлеген білім беру бағдарламаларын эксперимент режимінде енгізу алаңы құру туралы келген хат негізінде шығармашылық топ құрып, жаңа оқу жылына «Туризм», «Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Қонақ үй бизнесі», «Маркетинг», «Аударма ісі» мамандықтары бойынша жұмыстық оқу бағдарламаларын әзірлеуге топ құру керектігін жеткізді. «Туризм» мамандығы бойынша бір құзыреттілік негізінде 25 студент, «Қонақ үй бизнесі» мамандығы бойынша бір құзыреттілік негізінде 50 студент, «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша үш құзыреттілік негізінде 50 студент, «Маркетинг» мамандығы бойынша бір құзыреттілік негізінде 50 студент, «Аударма ісі» мамандығы бойынша 50 студент қабылданғандығын атап өтті. Жұмыс тобына директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, директордың оқу өндірістік ісі жөніндегі орынбасары, ПЦК төрағасы, әдіскер, арнайы пәндер оқытушылары кіру керектігін жеткізді.

**Бесінші мәселе бойынша:** Колледж директоры М.Н.Утебаев сөз сөйледі. Ол техникалық кәсіптік білім беру ұйымдары арасында өзіндік жоғары орынға ие болу үшін аттестациядан өтуге міндеттіміз. Ол үшін аттестаттау стандарттары мен критерийлеріне сәйкестендіру туралы колледждің өзін-өзі бағалау есебін дайындау қажет. Есепті дайындау ретімен, қолдағы бар материалдарды жинақтау тәсілдерін түсіндірді. Бақылаушылармен сарапшыларды бағалау нәтижесінде оқу орынның білім беру саласындағы қандай рейтингке ие екендігін сипаттайды. Сапалы білім беру нарықтық экономикадағы сұранысқа ие мамандар дайындау әр бір оқытушының міндеті деп жауап берді. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 2 ақпанындағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып колледждің 5 жыл ішіндегі жасалған жұмыстардың есебін дайындауға әкімшілік құрамынан комиссия мүшесі құрылып бекітілсін.

#### **Шешімі:**

1. 2022-2023 оқу жылындағы қабылдау комиссиясының жұмысын «өте жақсы» деп бағалансын. Топ жетекшілері әлеуметтік паспорт жасақтасын. Топ туралы мәліметтер әлеуметтік- педагогқа тапсырылсын.
2. 2022-2023 оқу жылының барлық бөлімшелер бойынша жоспарлары бекітілсін.
3. «Аударма ісі», «Туризм», «Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Қонақ үй бизнесі», «Маркетинг» мамандықтары бойынша жұмыс оқу бағдарламасы жасақталып, бекітуге ұсынылсын.
4. Шығармашылық топ алаң құру бойынша жұмыс тобы құрылсын.
5. Дуальды оқыту жүйесі бойынша жұмыс оқу бағдарламасы жасалынсын және үш жақты келісім шарттар жинақталсын.
6. Колледждің мемлекеттік өзін-өзі аттестаттауға колледж әкімшілігі тарапынан комиссиясы құрылып бекітілсін.

Колледж директоры

М.Н.Утебаев

Хатшы

Д.Ж.Нугманова